## Қысқа мерзімді жоспар

Бекітемін

| | |
|---|---|
| Бөлім: | 9-бөлім: Аспан әлемінің құпиялары |
| Педагогтің аты-жөні: | Байболова Асем |
| Күні: | 05.04.2024 жыл |
| Сыныбы: 5 «Д», «Н» | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Аспан әлемінің құпиялары туралы зерттеулер |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 5.О1. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау.<br>5.Т/А5. Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру. |
| Сабақтың мақсаты: | *Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады.*<br>*Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді.*<br>*Тыңдалым бойынша көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіреді.* |
| Құндылықтарға баулу: | *Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ. АР-ҰЯТ. ТАЛАП.*<br><br>Ұлттық мүдде құндылығы:<br><br>-Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу;<br><br>-Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин. | **I.Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**а)** Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық жағымды ахуал туғызу<br>**Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. | | | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**  | **(Ү) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. | **Айтылым.** Аспан әлемінің құпиялары туралы зерттеулер жөнінде не білеміз? Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. **Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. | **Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. |
| Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 26 мин. | 3-тапсырма. Тыңдалым. № 44 аудионы тыңдаңдар. Берілген сөйлемдерді мәтін мазмұнына сәйкес аяқтаңдар. | **Жазылым. 3-тапсырма. А)** Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың жазылым дағдысы қалыптасады. | ***Дескриптор:*** ***Жалпы – 3 балл.*** *-тыңдалымды тыңдайды.* *- ақпараттың дұрыс - бұрыстығын ажыратады.* *-мәтін мазмұнына сәйкес аяқтаңдар.* | 5-сынып оқулығы Жұмыс дәптерлері. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
|  | 4-тапсырма. Мәтінді оқып, сын есімдерді табыңдар.<br>А) Өздерің тапқан сын есімдер қатарын толықтырыңдар. | **Жазылым.**<br>Мәтіннен сын есімдерді теріп жазады. Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың жазылым дағдысы қалыптасады | ***Дескриптор:***<br>***Жалпы - 2 балл.***<br>*-Мәтінді оқиды.*<br>-Сын есімдерді табады.<br>-сапалық және қатыстықты ажыратады. | 5-сынып оқулығы Жұмыс дәптерлері |
|  | 5-тапсырма.<br>Сапалық сын есімдер қатарын толықтырыңдар. | **Жазылым.**<br>Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың жазылым дағдысы қалыптасады | ***Дескриптор:***<br>***Жалпы - 2 балл.***<br>-Сапалық сын есімдерді толықтырыңдар | Оқулық, дәптер |
| | Қосымша тапсырма.<br>6-тапсырма.<br>Жұмбақтардың шешімін табыңдар.<br>Жұмбақты көшіріп жазады.<br><br>Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтыңдар. | **Жазылым.**<br>Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың жазылым дағдысы қалыптасады<br><br>«Төрт сөйлем» тәсілін уық ретінде алып, әр сөйлемді айтып, шаңыраққа қадайды<br>*(Пікір – бірінші уық,*<br>*Дәлел – екінші уық*<br>*Мысал – үшінші уық*<br>*Қорытынды- төртінші уық)* | ***Дескриптор:***<br>***Жалпы - 8 балл.***<br>-жұмбақты оқиды<br>-көшіріп жазады.<br><br>*Дескриптор:*<br>*Жалпы - 3 балл.*<br>- ақпаратты анықтайды<br>-пікір білдіреді<br>-дәлел келтіреді |  |
| Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>7 мин.<br> | **«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | Мұғалім оқушыларды *Сонымен қатар 1-10 балдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.* | |
| | | | | |

Scanned with CamScanner